

Л.Б. Телғараева, Л.Ж. Мұсалы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
(E-mail: ltelgaraeva@gmail.com, lailamussaly@gmail.com)

М. Мағауиннің «Аласапыран» романындағы прецедентті феномендердің ерекшелігі

Мақалада Мұхтар Мағауиннің «Аласапыран» тарихи дилогиясының мол этномәдени ақпараттан тұратын прецеденттік мәтін ретіндегі ерекшелігі туралы сөз қозғалды. «Прецеденттілік» ұғымының мәніне назар аударылды, сондай-ақ аталмыш ұғымды зерттеген ғалымдардың еңбектеріндегі «прецеденттік мәтіннің» классификациясына сүйене отырып, романдағы прецедентті феномендер зерделенді. Осы ретте прецедентті есім, прецедентті оқиға (ситуация), прецедентті айтылым сияқты романдағы прецеденттік феноменнің мысалдары талданды. Шығармадағы прецедентті феномендердің қолданылу мақсаттары айқындалады. Романдағы этномәдени ақпарат тарихи баяндаудың стильдік тәсілі, прецедентті мәтін ретіндегі ерекшелігі екеніне аса мән берілді. Атап айтсақ, жазушының шығармада прецедентті феномендерді тарихи шындыққа көз жүгірту, ұлттық колоритті жеткізу, эмоционалды-экспрессивтік мағына беру, оқырманның дүниетанымын кеңейту, шығармадағы этномәдени ақпараттың көрсеткіші ретінде қолдануды мақсат тұтқандығы анықталады. Мақала авторлары романда этномәдени ақпаратты құрайтын прецедентті феномендер тек тілдік қана емес, сондай-ақ қоғам мен тілдік санада болып жататын мәдениеттанулық үдерістерді білдіреді деген тұжырымға келді.

Кілт сөздер: прецеденттік мәтін, этномәдени ақпарат, прецедентті есім, прецедентті жағдай (ситуация), прецедентті айтылым, прецедентті феномен, тарихи шығарма, ұлттық колорит.

Қазіргі адамзат қоғамында ақпарат қажеттілігі алдыңғы қатарда тұр. Ақпараттық қоғамда ақпаратты аккумуляциялау (жинау), ақпаратпен алмасу, оны сақтау, өңдеу, жүйелеу, реттеу, дамыту, екінші адамға жеткізу, өз қажетіне жұмсау, сондай-ақ ақпарат теориясы өзекті мәселеге айналды. Ұлттық ақпараттың дені тарихи шығармаларда шоғырланған. Елбасы өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында рухани құндылықтарсыз сананың толықтай жаңармайтынын атап өткен. Рухани құндылықтарымыз болып табылатын тарихи шығармаларға ақпараттың көзі деп қарау маңызды. Сондай-ақ бұл шығармаларды прецеденттік мәтін ретінде қарастырудың өзіндік мәні бар, себебі оларда халықтың тұрмыс-тіршілігі, болмысы жөнінде этномәдени ақпарат мол. Сондықтан да осы ақпараттарды оқырманға қорытып, түсіндіру керек деп ойлаймыз.

Прецеденттік мәтіндер тілдік және мәдени қауымдастықтың ажырамас бір бөлігі болып табылатын әлемнің тілдік бейнесін көрсететін құралдардың ең маңыздысына жатады. Адамның өзін қоршаған ортасына эмоционалды және баға беру сияқты қатынасын білдіруде бай мүмкіндіктерге ие бола отырып, прецеденттік мәтіндер әлемнің елеулі, мазмұнды, айқын бейнесін жасауға ықпал етеді. Сондықтан да қазіргі таңда прецеденттілік ұғымы отандық және шетелдік лингвистер мен филологтардың зерттеу мәселесіне айналды.

«Прецедент» сөзінің мағынасына зер салсақ, «Шетелдік сөздер сөздігінде» бұл сөз («*praecedens*») сөзі латын тілінен аударғанда «алда жүруші, алдыңғы» дегенді білдіреді) былай түсіндірілген:

- 1) ертеде орны бар және үлгі-өнеге немесе ақтауға негіз болатын оқиға;
- 2) құқық. Сот шешімі немесе басқада мемлекеттік органдардың белгілі бір іске байланысты шығарылған және міндетті түрде ұқсас істерді шешу кезіндегі шешімдер [1; 18].

Ал «Қазіргі орыс тілінің түсіндірме сөздігінде» мынадай анықтама берілген: прецедент (*praecedens* лат. — алдыңғы, бұдан бұрынғы) — өткен заманда өзінің орны болып, халыққа үлгі-өнеге болған, халықтың есінде қалған немесе қазіргі уақытта ұқсас әрекеттердің негізі болатын оқиға [2; 58].

Ал осы мағыналардың ішінде лингвистикаға енген *прецедент* терминін беретін ұғымға сәйкес келетіні ертеде өзінің алатын орны болған, халыққа үлгі-өнеге болып, халықтың есінде қалған белгілі бір оқиға деген анықтама.

«Прецедент» ұғымын орыс тіл білімінде ХХ ғасырдың соңында Ю.Н. Караулов, В.Г. Костомаров, Д.Б. Гудков, И.В. Захарченко, В.В. Красных және тағы басқа ғалымдар зерттеген.

Ю.Н. Караулов прецедентті мәтіндер қатарына мәдениеттің кез келген құбылыстарын: әдеби және философиялық мәтіндерді, театрлық спектакльдерді, кино өнерін, телевизиялық бағдарламаларды, жарнамаларды, әндер мен музыкалық шығармаларды және тағы басқаны жатқызады. Осы ретте шығармалар «ұлттық жадыдағы» элементтерді құрайтын вербалды, сондай-ақ бейвербалды шығармалар болуы мүмкін [3; 44].

Қазақ тіл білімінде осы аталған феномендердің ішінде прецедентті есімдер мәселесімен айналысқан ғалымдар ретінде Т. Жанұзақов, Т. Қоңыров, Г.Б. Мәдиева, Е. Керімбаев, Г.А. Қажығалиева, С.Қ. Иманбердиева, В.И. Жумагулова, тағы басқаларды атап өтуге болады. Әр ұлттың өзіне тән прецедентті мәтіндері болады.

М. Мағауиннің «Аласапыран» романы тарихи маңызы бойынша терең және еліміздің өткен тарихын кеңінен қамтыған қазақ әдебиетіндегі елеулі құбылыс деуге болады. Осындай шоқтығы биік тарихи шығарма — қаламгердің ортағасырлық жазбалардан бастап қазіргі заманғы тарихшылардың қолжазбаларына дейін қыруар тарихи материалды қамтыған көп жылғы зерттеуі мен шығармашылық тәжірибесінің нәтижесі.

Прецедентті феномендер дегеніміз — белгілі бір тілдік және мәдениеттің өкілдері қабылдай алатын мәдениет феномендері. В.В. Красных прецедентті феномендердің бірнеше түрін атап өтеді:

– қауымдық-прецедентті феномендер — белгілі бір қоғамның орташа өкіліне белгілі феномендер (әлеуметтік, кәсіби, конфессия және т.б.) және олар ұжымдық когнитивті кеңістіктің бөлігі болып табылады: аталмыш феномендер белгілі бір ұлттан тыс шеңберде бола алады, мәселен, әртүрлі елдердің заңгерлеріне ортақ (кәсіби қауым);

– ұлттық-прецедентті феномендер — белгілі бір ұлттық-лингвомәдени топтың немесе, басқа сөзбен айтқанда, ұлттың кез келген орташа өкіліне белгілі феномендер;

– әмбебап-прецедентті феномендер — кезкелген адамға белгілі феномендер [4; 54].

Прецедентті мәтін — ойлау мен сөйлеу әрекетінің аяқталған дербес өнімі. Әдетте, мұндай мәтіндер қандай да бір ұлттық-мәдени қауымдастықтың кезкелген орташа мүшесіне жақсы таныс және коммуникация барысында бірнеше қайтара қолданылуы мүмкін. Прецедентті мәтіндерге әдеби шығармалар, өлең-әндердің сөздері, жарнама, аңыз-әңгімелер және т.б. жатады [5; 62–85].

Сонымен, прецедентті феномендер халықтың жадындағы құндылықтарды ұрпақтан ұрпаққа жеткізудің бірден-бір құралы бола отырып, халықты мәдени-рухани құндылықтардың шеңберінде біріктіру тәсілі бола алады. Прецедентті феномендердің саналуандығы ұлттық тіліміздің ерекшелігінің көрінісі болып табылады. Осы тұста халықтың, мәдениет пен тілдің өзара байланысы айқын көрінеді.

Біздің зерттеу материалымызда қазақ халқының өмір салты, тұрмыс-тіршілігі, ұлттық болмысы мен танымы, ұлттық-мәдени ерекшелігі кеңінен көрініс тапқан «Аласапыран» тарихи диалогиясындағы прецедентті феномендерді қарастырып, талдау жасау басты міндетіміз болып табылады.

Қазақ халқының көрші мемлекеттермен дипломатиялық қарым-қатынасы тарихи-көркемдік тұрғыдан тұңғыш рет суреттелген «Аласапыран» тарихи диалогиясы 1981–1982 жылдары жарияланды. Романда көшпелі тұрмыс көріністері, аңшылық, саятшылық сынды ұлттық дәстүрлер көрініс тауып, Қазақ хандығының Ресей, Иран, Бұхара, Сібір хандықтарымен өзара қарым-қатынастары, ішкі-сыртқы саяси жағдайлары сипатталған. Жазушы шығармаларында ХХ ғасырдағы ауыл, қала тұрмысы, түрлі әлеуметтік топ өкілдерінің тағдыры шынайы көркем бейнеленген. Жазушы романда өткен кезеңнің колоритін жеткізуде және көнерген лексиканы қолдануда асқан шеберлік танытқан. Мәселен, қару-жарак атаулары, әскери киімдер, ұлттық тұрмыстық лексика, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер және т.б. Олар қазақ халқының көшпенді тұрмыс-тіршілігі мен бастан кешірген жауынгерлік оқиғаларынан хабар береді. Осы жайлы Ж. Шағатай мынадай пікір айтады: «М.Мағауин романында заттық болмысты — пейзаж, интерьер, тұрмыстық, жауынгерлік құрал-жабдықтарды суреттеуге, кейіпкер кескіндемелерін жасауға мейлінше мол орын береді және бұл романның композициялық құрылымына, біртұтас архитектурасына барынша үйлесіп, кірігіп жатыр. Үстірт қараған жанға автор табиғатты суреттеуге орынсыз көп орын берген (қаншама тамаша суреттемелер ұшырасады романның өн бойында) секілді көрінуі мүмкін, бірақ оның өзі де ақталған: себебі роман оқиғасы өрбіген кез адамдардың табиғат анадан алшақтамаған, ара-жігі ашылмаған кез екенін ұмытпау ләзім, яғни табиғат — адам, адам — табиғат тізбегі біте қайнасып жатқан кез» [6]. Шындығында да, романда қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, басынан кешірген жауынгерлік

заманды, аласапыранды суреттеуде жазушының тілі әсерлі, ұшқыр, бай және тарихи шынайылықты көрстеуде барлық тілдік құралдарды шебер қолданған.

Д.Б. Гудков, В.В. Красных, И.В. Захаренко, Д.В. Багаева сынды зерттеушілер «прецедентті мәтін» ұғымының кең ауқымдылығын ескере отырып, прецеденттілік феноменін төрт топқа бөліп қарастырады:

- 1) прецедентті есім;
- 2) прецедентті жағдай (ситуация);
- 3) прецедентті айтылым;
- 4) прецеденттік мәтін.

Прецедентті есім — тіл тасымалдарушыларына прецедентті оқиға ретінде танымал, прецедентті мәтіндегі танымал есім. «Аласапыран» романында басты кейіпкер Ораз-Мұхамед сұлтанның өмір жолы, оның куә болған XVI–XVII ғасырлардағы қазақ, орыс халықтарының бастан кешкен тарихи оқиғалар суреттелген. Яғни, романдағы Ораз-Мұхамед сұлтан — қазақ халқына тарихтан белгілі есім. Ол Жошы әулетінен шыққан қазақ сұлтаны, Қасым хандығының ханы. Яғни, романдағы басты прецедентті есім — Ораз-Мұхамед сұлтан.

Кезкелген тарихи шығармада тарихи тұлғалар бейнесі сомдалатыны белгілі. «Аласапыран» романында қазақ халқының тарихында өшпес із қалдырған ғұлама ғалым, белгілі би Қадырғали Жалайыридің, Едіге бидің ұрпағы Петр Усовтың, Томан бидің, Манақ батырдың, Ділішат пен Ай-Шешек бегімнің көркем бейнелері сомдалған. Олардың бейнесі тағылымы мен тәлімі мол, танымдық сипатқа ие және шығарманың көркемдік-эстетикалық деңгейінің көрсеткіші болып табылады. Романдағы осындай әрбір бейне прецедентті есімдер қатарын толықтыра түседі.

М. Мағауиннің «Аласапыран» романындағы прецедентті есімдерді талдау барысында лексикалық-семантикалық мағынасына қарай бірнеше топты анықтадық. Оларды төмендегідей топтарға бөліп қарастыруға болады:

1) романдағы тарихи тұлғаларды білдіретін прецедентті есімдер: *Ораз-Мұхамед сұлтан, Қадырғали Жалайыри, Едіге бидің ұрпағы Петр Усов, Томан би, Манақ батыр, Ділішат пен Ай-Шешек, Бахадүр сұлтан, Шығай хан, Ес-Мұхамед сұлтан, Тәуекел хан, Хақ-Назар хан, Сүтемген би, Ес-Мұхамед сұлтан, Орыс хан және т.б.;*

2) географиялық жер-су атауларын білдіретін прецедентті есімдер: *Жетісу, Еділ, Жайық, Ібір-Сібір, Қаратау, Есіл, Талас, Ертіс, Шу, Арыс, Сарыарқа, Созақ, Түркістан, Қорғалжын, Ақмола, Қарқаралы, Торғай, Бетпақ, Қызылжар, Ұлытау, Калуга, Смоленск, Мәскеу, Тобольск, Саран, Сығанақ, Шымкент, Самара, Хорасан, Орал тауы және т.б.;*

3) қазақтың дүниетанымын білдіретін прецедентті есімдер: *Жер-Ана, Су-Ана, От-Ана, Адам-Ата, Тәңір және т.б.;*

4) әлеуметтік категорияларды білдіретін прецедентті есімдер: *хан, патша, сұлтан, бас уәзір, бек, қолбасы, аламан, елші, атаман, воевода, стрелец, саудагер, царь-государь, князь, түрмесі т.б.*

Жоғарыда аталған прецедентті есімдер топтары романда оқырманға тарихи шындықпен қатар, этномәдени ақпарат беру қызметін атқарып тұр.

Прецедентті жағдай шынайы оқиғаға құрылған немесе виртуалды болып бөлінеді. Романдағы прецедентті жағдай шынайы оқиға желісіне құрылған. Мұхтар Мағауин деректі материалдарға сүйене отырып, оқырманға суреттеліп отырған аласапыран кезең мен ортаның тартысы негіз болған тарихи коллизия барысын көрсетеді. Ол аласапыран тарихы туралы арнайы әдебиетпен танысып, роман мәтнінде нағыз шынайы деректерді көркемдік құралдар арқылы жеткізген. Жазушы тек қана деректі материалдардың жетегінде ғана кетпей, оларды шығармашылық тұрғыдан терең идеялық мағына беріп, роман сюжетін жандандыра түскен.

Роман-дилогияның бірінші кітабында Созақтағы кеңесте Тәуекел ханның сайлау рәсімі мен хан шешімі бойынша он алты жасар Ораз-Мұхамедтің Қадырғалидың қызы Ай-Шешек-бегімге үйленуі, Қазақ халқының жайлауға көшу кезіндегі жалпы жағдайы, жер дауы, аңшылық, саятшылықтағы Ораз-Мұхамедтің жастық жалыны, осы жастық, албырттығының кесірінен орыстың қолына тұтқындалып, мұнарасы биік Мәскеуге аттанысынан шежіре шертіліп, Ораз-Мұхамедтің Ресейде де өз халқының қасиетін жоғары бағалатып, орыс-қазақ қатынастары және екі ел достастығының тарихындағы үлкен рөл атқарғаны, өз елінен сырт жүріп, айналасындағы ет жақын туыстары — анасы, әйел-баласынан айрылып күйреуі, бірақ Федор патша қайтыс болып, орнына Борис Годуновтың отыруы және сол кездегі оны Хан Керменге хан сайлануы, қазақтардың Абдолла ханмен ұрыстағы жеңісі оны қайта түлетіп, қажырына келтіріп жаңғыртады.

Ал шығарманың екінші кітабында Хан Керменге аттанған Ораз-Мұхаммед ата салты бойынша ақ киізге отырып хан сайлануына, Хан Кермен воеводасы Ерофей Глуховпен теке тіресіне, Есеней бектің жаулық әрекетіне, осы жұрттың ең басты төрт ұрығы — Шәш пен Есенейдің, Саманай мен Төбейдің қыздарынан, қарындас-туыстарынан қалыңдық алуы, әпкесін, жиені — Мұрат-Мұхаммедті көшіріп әкелуі, Көшім ханның әулет-жұрағатына пана болуы, қалтқысыз сенімді досы Жаһаншамен пікірлесуі, оның қайтыс болуы, Борис Годуновтың қабылдауында болуы, оның Ораз-Мұхаммедті өзімсініп ішкі сырын айтуы, қысқасы, Ораз-Мұхаммедтің Хан Кермендегі тіршілігіне арналады. Шығарма аяғы жазушының эпилог есепті өз ойы берілуімен бітеді [7].

Прецедентті айтылымдар — ойлау мен сөйлеу әрекетінің аяқталған дербес бірлігі. Прецедентті айтылымдарға мақал-мәтелдерді, фразеологизмдерді, канатты сөздер мен өлең жолдарын жатқызады. Мәселен:

«У жесең — руыңмен!» деген қайда?» [8; 61]. Осы мақалды адамдардың көпшілігі рулық қоғамды, руға бөлінуді дәріптеу деп түсінуі мүмкін. Негізінде осы мақалда қандай аласапыран қиындыққа тап болсаң да, еліңмен бірге бол, бірге көр дегенді білдіреді.

«Бас кеспек бар — тіл кеспек жоқ» [8; 59], бұл мақал тілдің адамзат өміріндегі маңыздылығын көрсетеді. Ертеде билеріміз қандай дау болмасын құдіретті сөз күшімен шешіп, әділ билік еткеніне көзжеткіземіз.

«Қылыш үстінде серт жоқ, қымыз үстінде кеңес жоқ» деген [8; 48]. «Кеселіне қымыз жақпаған жан — кісі болып қатарға қосылмайды», — деді сұлтан [8; 176]. Осы мақалдар да халқымыздың көшпенді тарихындағы этнографиялық мәдениетінен хабар беретін мақалдарға жатады. Көшпенді халықтың дастархан мәзіріндегі қымыздың ерекше орны көрсетілген.

«— Айтсам, қара қазан, сары баланың қамын айтам» [8; 59]. Осы сөйлемдегі «қара қазан, сары бала қамы үшін» деген тұрақты тіркес жаугершілік кезеңдегі қазақ батырларының жиі қолданатын ұранына айналған. Бұл жерде ертедегі қазақ халқының түсінігі бойынша, «қазан» — бүтіндіктің белгісі, ұрпақ жалғасы мен отбасы берекесінің нысаны. Яғни, халықтың қазаны құрыса, ел құриды деген сөз.

«Ал қалғаның мына қонақтарды күтіндер. Иесін сыйласаң, итіне сүйек сал деген» [8; 83]. Осы мәтіндегі ит туралы мақалдың халқымыздың ит туралы дүниетанымынан хабар береді. Ит Адам ата мен Хауананың пейіштен қуылып жерге түскендегі алғашқы жан серігі, досы әрі қорғаушысы. Сол себепті жеті қазынаның бірі болып саналған. Ит адам баласының сенімді серігі үйдің қорғаушысы, қора мен малдың күзетшісі. Қазақ халқы итті Жеті атаның бірі, жетінші ырыс деп те атайды.

«Тең — теңімен, тезек — қабымен» [8; 326]. Екі жас отбасын құруы ежелгі қазақтың дәстүрі құда түсуден басталады. Қазақ халқы, әдетте, «Тең — теңімен, тезек — қабымен» деген қағиданы ұстанып, өздері сыйласатын, аралас-біліс, әлеуметтік деңгейі өзімен шамалас адамдармен құдаласатын болған. Бұл мақалдың шығу төркіні қазақтың құдаласу дәстүрінде жатыр.

«... бөрі арығын білдірместің» кебінде сияқты» [8; 71]. Қасқыр тотемі ежелгі көшпенді мәдениетімізде ерекше орынға ие. Қазақ халқында қасқарға байланысты мақал-мәтелдер өте көп. Қасқырды қазақ халқы киелі аң санаған. Бұл жерде бөрінің жақсы мінез-құлқын адамға қатысты қолданылып тұр. Яғни, жаманыңды жасыру, жақсылығыңды асыру мағынасын меңзейді.

«Асын ішіп, аяғын теуіп кетіпті» деген сөз шығып жүрер [8; 91]. Бұл мақал да қазақ халқында ертеден келе жатқан және осы күнге дейін өзектілігін жоймаған жиі қолданылатын мақалдар қатарына жатады. Бұл жерде «аяғын тебу» «ыдыс-аяғын тебу» дегенді білдіреді. Яғни, қазақта дастарханынан дәмдес болып, аралас-құралас бола отырып, сатқындыққа барудың теріс әрекет екендігі жайлы сөз болады.

«Келіннің бетін кім ашса, сол ыстық» деген ғой қазақ [8; 255]. Қазақтың ұғымында беташар жасаған адам сол келіннің алдағы тағдырына да, тұрмыс-тіршілігіне де жауапты деп есептелген. Қайын-жұртына келген келіннің алғаш көрер адамы осы беташар жасаған жан. Сондықтан да жас келін ата-енесіне, қайын ағаларына айта алмайтын әңгімелерін, назын, өтінішін осы бетін ашқан адам арқылы жеткізіп отырған. Осы мақалды бүгінгі күні де ауыспалы мағынада қолдану кеңінен көрініс тапқан.

«Құлан басына күн туса, қодығына қарамас» [8; 240]. Бұл мақал да қазақ халқының дүниетанымынан хабар береді. Басқа шындап қауіп төнгенде жанашыр жақынынан гөрі әркім өз басын қорғайды деген ауыспалы мағынаны білдіреді.

Романда кездесетін фразеологизмдер: *басынан бағы таяу, асауды ауыздықтау, қырық күн шілде, ант ішу, тағзым ету, пір тұту, қара бұқара, қалың қауым, аузынан жыру, қиян-кесі соғыс,*

құзырына құлдық ұру, тамырын басып көру, ұзын арқан кең тұсау, асын ішіп аяғын тебу, ерсілі-қарсылы шұбау, ант бұзу, қан жұту, қыдырдың батасы дару, киіз туырлықты көшпенділер, ат шаптырым аймақ т.б.

«Образды фразеологизмдер — жалпы айтылар сөздің көркі. Олар тек ауызша, жазбаша ұсынылған әдеби тіл үлгілерінде емес, ауызекі сөйлеу тілінде де берік орын алады. Ал билер, шешендер, салиқалы сөз иелері болса, образды сөздер мен тіркестерді қолданбай отыра алмайды. Мысалы: аса астарлы, сондықтан көп сөзді етіп сөйлемей, ойын қысқа-қысқа қайырып, бірақ әсерлі етіп баяндаған Тәуекел хан қамалдың қабырғасын сүзу (қамалға шабу), жан тартып келген жақын (жақындасу), ордасын ортасына түсіру (талқандау, жеңу), жанын тастай алмай жатқан (өле алмай), құшақ ашу (жақындасу, табысу) сияқты образды фразеологизмдермен тіл қатады» [9; 12].

Жалпы, Мұхтар Мағауиннің «Аласапыран» романындағы прецедентті феномендерді келесідей 3 топқа бөлуге болатындығын көрсеттік:

1. Прецедентті есімдер.
2. Прецедентті жағдай (ситуация).
3. Прецедентті айтылымдар.

Зерттеу барысында романдағы прецедентті есімдердің өзі келесідей төрт топтан тұратындығын анықтадық:

- 1) романдағы тарихи тұлғаларды білдіретін прецедентті есімдер;
- 2) географиялық жер-су атауларына байланысты прецедентті есімдер;
- 3) қазақтың дүниетанымын білдіретін прецедентті есімдер;
- 4) әлеуметтік категорияларды білдіретін прецедентті есімдер.

Шығармадағы прецедентті жағдай шынайы тарихи оқиғалар желісіне құрылған десек болады. Жазушы шығармаға XVI–XVII ғасырлардағы қазақ, орыс халықтарының бастан кешкен тарихи оқиғалары мен жағдайын арқау еткен. Қасым ханның хатын баяндауда жазушы реалистік хат қағидаларын басшылыққа алады, осы ретте көнерген лексиканы таңдап алуда да аса мұқияттылық сақтаған. Романда Ораз-Мұхамедтің Сигизмунд корольмен кездесуі және Жолкевскиймен жасаған шарты суреттелген. Жазушы романдағы оқиғалардың барлығын көркемдік шеберліктің қағидаларын басшылыққа ала отырып, тарихи оқиғаларға ерекше реңк бере отырып суреттеген.

Жазушы шығармада халық тілінің асыл қазынасы — мақал-мәтелдерді мен фразеологизмдерді қолдануы тарихи баяндаудың стильдік белгісіне жатады. Романда этномәдени ақпараттың бір бөлігін құрайтын фразеологизмдер, мақал-мәтелдердің ұлттық мәдениетіміздің тілдік көрінісі деуге болады. Шығарманы оқи отырып, кітаптың әр парағынан қазақ халқының ой шеберлігі мен бай тілін көрсететін өткір ойлы мақал-мәтелдерін жиі кездестіреміз. Романда жазушы мақал-мәтелдерді қолдануы шығармаға эмоционалдылық пен экспрессивтілік реңк беріп, поэтикалық қызмет атқарады деуге болады.

Жалпы, романдағы тарихи оқиғаны прецедентті феномен деп алатын болсақ, ол прецедентті есімдерден, прецедентті жағдайлар мен прецедентті айтылымдардан тұрады. Прецедентті есімдер, прецедентті жағдайлар мен прецедентті айтылымдар романның тұтас прецедентті мәтін ретіндегі ерекшелігін айқындайды. Сонымен қатар прецедентті есімдер, прецедентті жағдайлар мен прецедентті айтылымдар романға эмоционалды-экспрессивті мағына, тарихи шындық пен қатар этномәдени ақпараттың көрсеткіші ретінде қызмет атқарып тұр.

Ғалым Рәбиға Сыздықтың «...жазушы Мұхтар Мағауиннің «Аласапыран» романы қазақ көркем әдебиетіндегі тарихи шығармалардың ең сәтті үлгілерінің бірі деп санауға тек оның көркемдік-шығармашылық сипаты ғана емес, тілдік-стильдік белгілері де мүмкіндік береді. Бұл — көркем туындыны «тарихи стиль» дегеннің тезіне салып жазудың да бірден-бір көрнеу үлгісі. Ал «тарихи стиль тезі» («историческая стилизация») жалғыз ғылыми таным үшін емес, қазақ халқының бұдан бірнеше ғасыр бұрынғы, тіпті күні кешегі XIX ғасырдағы өмір шындығын дұрыс тануымыз үшін де қажет» [9; 14] деген пікіріне сүйенсек, романдағы прецедентті феномендердің бірден-бір ерекшелігі деп тарихымыздағы өмір шындығын суреттеудегі жазушылық шеберлікті атауға болады.

Олай болса, халық ауыз әдебиеті мен көркем әдебиетті, тарихи оқиғаларды ұлттық-прецедентті феномендерге жатқызуға болады. Көркем мәтін тіл мен мәдениеттің бірлігі болып табылады десек, халықтың өткен тарихы мен мәдениетін суреттейтін шығармалар да прецедентті мәтіндерге жатады. Осы орайда тарихи шығармалардағы этномәдени ақпаратты білдіретін лексика ұлттық-прецедентті

феномендерді білдіретін прецеденттік мәтіндердің бірден-бір қайнар көзі болып табылады және олар өз алдына жіті зерттеуді қажет етеді.

М. Мағауин «Аласапыран» тарихи диалогиясындағы прецедентті феномендер төмендегідей қызметтер атқарады:

- тарихи шындыққа көз жүгірту;
- ұлттық колоритті жеткізу;
- эмоционалды-экспрессивтік мағына беру;
- тілдік-баяндау;
- оқырманның дүниетанымын кеңейту (ұлттың мәдени болмысын көрсету арқылы);
- шығармадағы этномәдени ақпараттың көрсеткіші ретінде.

Демек, прецеденттік мәтіндер, ең алдымен, белгілі бір халықтың ұлттық-мәдени және тарихи жадындағы тілдік қорды білдіреді. Романда этномәдени ақпаратты құрайтын прецедентті феномендер тек тілдік қана емес, сондай-ақ қоғам мен тілдік санада ұдайы болып жататын мәдениеттанулық үдерістерді білдіреді. Халқымыздың болмысы мен тұрмыс-тіршілігі жөніндегі бай этномәдени ақпаратқа құрылған прецеденттік мәтінді басқа тілге аударудың өз ерекшеліктері мен қиындықтары бар және ол туралы келесі мақаламызда сөз қозғайтын боламыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Словарь иностранных слов, вошедших в состав русского языка: материалы для лексической разработки заимствованных слов в русской литературной речи / Сост. под ред. А.Н. Чудинова. — 3-е изд., тщательно испр. и знач. доп. — СПб.: В.И. Губинский, 1910. — 676 с. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://rus-yaz.niv.ru/doc/foreign-words-chudinov/index.htm>.
- 2 Современный толковый словарь русского языка / Сост. С.А. Кузнецов. — СПб. – М.: Рипол-Норинт, 2008. — 960 с.
- 3 Караулов Ю.Н. Некоторые особенности функционирования прецедентных высказываний / Ю.Н. Караулов // Вестн. МГУ. Сер. 9. Филология. — 1997. — № 4. — С. 73–78.
- 4 Красных В.В. Этнопсихоллингвистика и лингвокультурология: курс лекций / В.В. Красных. — М.: Гнозис, 2002. — 284 с.
- 5 Багаева Д.В. Когнитивная база и прецедентные феномены в системе других единиц и в коммуникации / Д. В. Багаева, Д. Б. Гудков, И. В. Захаренко // Вестн. Москов. ун-та. Сер. 9: Филология. — 1997. — № 3. — С. 62–85.
- 6 Жаңабек Шағатай. Сұлулық пен сыршылдыққа құштарлық (М.Мағауин туралы) [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://www.qamshy.kz/03.11.2014>.
- 7 «Аласапыран» романындағы тарихи оқиғалар желісі және көркемдік шешім [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://massaget.kz/>.
- 8 Мағауин Мұхтар. Аласапыран: тарихи роман. — Алматы: Жазушы, 1988. — 828 б.
- 9 Сыздықова Р. Сөз құдіреті: көптомдық шығармалар жинағы / Р. Сыздықова. — Алматы: Ел шежіре, 2014. — 123 б.

Л.Б. Телғараева, Л.Ж. Мұсалы

Особенности прецедентных феноменов в романе М. Магауина «Аласапыран» («Вешние снега»)

В статье рассмотрены особенности прецедентного текста в исторической диалогии Мухтара Магауина «Аласапыран» («Вешние снега»), в которой закодирована богатая этнокультурная информация. Авторами особое внимание обращено на значение понятия «прецедентность», а также, опираясь на классификации ученых, исследовавших понятие прецедентности, проанализированы прецедентные феномены в романе. Особое внимание уделено таким прецедентным феноменам, как прецедентное имя, прецедентная ситуация и прецедентное высказывание. Указаны цели употребления прецедентных феноменов в произведении. Кроме того, авторы пришли к заключению, что этнокультурная информация в романе является стилистическим приемом повествования, а также особенностью прецедентного текста. Писатель использовал прецедентные феномены, которые являются показателями этнокультурной информации в романе, для воссоздания исторического и национального колорита, придания эмоционально-экспрессивного значения, а также для расширения читательского мировоззрения. Таким образом, прецедентные феномены, составляющие богатую этнокультурную информацию в романе, представляют не только языковые, но и культурологические процессы, которые происходят в обществе и его языковом сознании.

Ключевые слова: прецедентный текст, этнокультурная информация, прецедентное имя, прецедентная ситуация, прецедентное высказывание, прецедентный феномен, историческое произведение, национальный колорит.

L.B. Telgaraeva, L.Zh. Mussaly

Features of precedent phenomena in the novel «Alasapyran» by M. Magauin

In the article the peculiarities of the precedent text in the historical dilogy of Mukhtar Magauin «Alasapyran», which encodes rich ethnocultural information are considered. Based on the classification of scientists who have studied the concept of precedence, the precedent phenomena in the novel are analyzed. In this case, examples are analyzed that serve as such precedent phenomena in the novel, such as the precedent name, the precedent situation and the precedent statement. The purpose of the use of precedent phenomena in the work is indicated. Particular attention is drawn to the fact that the ethnocultural information in the novel is a stylistic method of narration, a feature of the precedent text. According to the author, the writer used precedent phenomena, which are an indicator of ethno-cultural information in the novel to recreate the historical and national color, to give emotional and expressive meaning, to expand the reader's worldview. The author leads us to the conclusion that the precedent phenomena that constitute ethnocultural information mean not only linguistic, but also cultural processes that occur in society and its linguistic consciousness.

Keywords: precedent text, ethnocultural information, precedent name, precedent situation, precedent statement, precedent phenomenon, historical work, national color.

References

- 1 Chudinova, A.N. (Eds.) Slovar inostrannykh slov, voshedshikh v sostav russkogo yazyka [Dictionary of foreign words included in the Russian language]. *Materialy dlya leksicheskoi razrabotki zaimstvovannykh slov v russkoi literaturnoi Rechi – Materials for the lexical development of borrowed words in Russian. lit. speech.* (3d ed.). Saint-Petersburg: V.I. Hubinskii [in Russian].
- 2 Sovremennyyi tolkovyi slovar russkogo yazyka [Modern explanatory dictionary of the Russian language] (2008). Saint-Petersburg–Moscow: Ripol-Norint [in Russian].
- 3 Karaulov, Yu.N. (1997). Nekotorye osobennosti funktsionirovaniia pretsedentnykh vyskazyvanii [Some features of the functioning of precedent statements]. *Vestnik MHU – Bulletin MSU. Series 9. Philology*, 4, 73–78 [in Russian].
- 4 Krasnykh, V.V. (2002). Etnopsikholingvistika i lingvokulturologiia [Ethno-psycholinguistics and cultural linguistics]. Moscow: Hnozis [in Russian].
- 5 Bagaeva, D.V., Gudkov, D.B., Zakharenko, I.B., & Krasnykh V.V. (1997). Kognitivnaia baza i pretsedentnye fenomeny v sisteme druzhikh edinit i v kommunikatsii [Cognitive base and precedent phenomena in the system of other units and in communication]. *Vestnik MHU – Bulletin MSU. Series 9. Philology*, 3, 62–85 [in Russian].
- 6 Shahatai, Zh. Sululyk pen syrshyldykka kushtarlyk (M.Magauinturaly) [Passion to beauty and lyricism]. *qamshy.kz*. Retrieved from <https://www.qamshy.kz/03.11.2014> [in Kazakh].
- 7 «Alasapyran» romanyndahy tarihi okihalar zhelisi zhane korkemdik sheshim [Narration of historical events in the novel «Alasapyran» and artistic solutions]. *massaget.kz*. Retrieved from <https://massaget.kz/> [in Kazakh].
- 8 Magauin, M. (1988). *Alasapyran. — Tarikhi roman. [Alasapyran. — Historical novel]*. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 9 Syzdykova, R. (2014). *Soz kudireti: Koptomdyk shyharmalar zhinagy [Word power. Multiple collections of works]*. Almaty: El shezhire [in Kazakh].